

## ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ – МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚ ӨЗЕГІ

Сағидулла Назиғат Мирзабайқызы

[snazigat@gmail.com](mailto:snazigat@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ орыс тілі мен әдебиеті мамандығының 1-курс студенті

Ғылыми жетекші: проф.м.а. Б.С.Абдуова

**Жұмыстың сипаты:** Мемлекеттік тіл – елдің айнасы. Мемлекеттік тілді, өз ана тілін білу – әр азаматтың парызы. «Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер – мәңгүрт» демекші, қазіргі таңда елімізді мекен еткен өзге ұлт өкілдері білуге тиісті қазақ тілін меңгергісі келмейтін қазақ бауырларымыз да қаншама. Бүгінде елімізде мемлекеттік тіл жағдайының мәселесі көңіл көншітпейді. Қоғамда қазіргі жастардың қазақ тілінде сөйлеуден ұялатыны, сонымен қатар қазақ тілінде таза сөйлейтіндерді қоғамнан бөлетіні байқалады. «Ел ертеңі – жастардың қолында» дейміз, өзге елдің тілінде сөйлеп жүрген жастарымыз еліміздің болашағына қандай үлес қосатыны бізді алаңдатады. Өзге елдің тілінде сөйлеген адам сол елдің менталитетіне дағдыланады. Осы белең алып бара жатқан құбылыс халқымыздың аса маңызды тілдік құндылықтарын жоюда. Тіл үшін күрес заманауи Қазақстанның болашағы баянды болуы мақсатымен әзір тоқтамауға тиісті.

**Жұмыстың жаңашылдығы:** Жас ұрпақ бойында адами-мәдени құндылықтарды, адамзаттық құқықтық сананы, тілдік тағылымдарды, ұлтаралық татулық пен сыйластықты нығайтуды дамыту сияқты ұлттық әлеуметтік қағидаларды қалыптастыруда мемлекеттік тіл жетекші рөл атқаруы тиіс. Қазақ тілінің өзекті мәселелері, оның дамуы мен баюына байланысты проблемаларға ғалымдардың, мамандардың және мемлекет басшыларының айрықша көңіл бөлуі қажет деп санаймын. Менің ойымша, мемлекетіміздің азаматтығын алған әрбір адам қазақ тілінде білім алуы керек. Қоғамнан көп байқайтынымыз, қазір өзге ұлт өкілдерінен «Сіз қазақ тілін білесіз бе?» деп сұрасаң, «жоқ» деген жауап аламыз. Оның себебі бізде нақты қойылатын талап та, қоғам әсерінің болмауында жатыр.

Тіл мәселесіндегі тағы бір көңіл аударарлық жайт – тіл тазалығының бұзылуы. Тілді шұбарлау – тіл білмегеннен жаман. Бұл дегеніміз қазіргі қоғамдағы еңбектеген сәбиіміз бен еңкейген қариямызға дейін қолданатын «паразит сөздердің» белең алуы. Сондай кірме, бұралқы, шұбарланған сөздердің ара жігін ажыратып, төл тілдік мәдениетіміздің арналарын таныту осы жұмысымыздың жаңашылдығын көрсетеді.

**Мақсаты:** Мемлекеттік тіліміздің кең қолданысына ықпалдасу, ана тілімізді құрметтеу, жат сөздерден арылу, мемлекеттік тіл мәселесін заң талаптарына сай біріздендіру, үйлестіру және тіл саласында қоғамдық шараларды одан әрі күшейту, бұл іске қоғам жұртшылығын кеңінен жұмылдыру, ана тіліміздің мәртебесін көтерудің жолдарын қарастыру. Жобадан күтілетін нәтиже қазақ тіліне қойылатын талаптардың күшейтілуі арқылы мектеп жасындағы балалардың қазақ тілінде білім алуы, жастардың арасында жаргон сөздерінің қолданылуына заңдылық, тіл мәдениетін дамыту.

**Зерттеу әдістері:** талдау, аудару, зерттеу, статистикалық көрсеткіштер, жинақтау.

**Жұмыстың міндеттері:** Тіл мен сөйлеу қарым-қатынасы және қазіргі қазақ қоғамындағы тіл мен сөйлеудің өзекті мәселелері;

Қазіргі таңдағы қазақ тілінің хал-ахуалы;

Паразит сөздердің пайда болу табиғатын анықтау;

Қоғамдағы жиі қолданылатын «паразит сөздер» мен жастар қолданатын «жаргон сөздердің» ара жігін айқындау;

**Зерттелу дәрежесі:** Таза тіл- ешқандай өзгеріске ұшырамаған, мағынасы бастапқы қалпына сай тіл. XX ғасырдың аса көрнекті ғалымы, ұлт қайраткері, жазушы, педагог Ж.Аймауытовтың қазақ тілі туралы жазбасы ешкімді бей-жай қалдырмайды. Қаламгер: *Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, ділмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мәлдір судай таза едім. Жырға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім.*

*Енді қандаймын?*

*Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім?*

*Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Өліде ұшбақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет деген кісіден ғана естідім, – деп қазақ тілінің зарын «өз аузынан» айтқызады [1]. Алашшыл дара тұлғаның «былғанып, кірленіп барамын» деген сөздерді қазақ тілінің мұңына қосып отырғаны – қазіргі күні жиі қолданылатын, кез келген тілді шұбарлайтын паразит сөздер.*

Паразит сөздер– қазіргі қоғамда белең алып бара жатқан лингвистикалық құбылыс, яғни сөйлеу арасында «не ғой», «шыны керек», «жаңағы», «жалпы алғанда», «мысалы», «қысқасы» деген сипаттағы артық сөздер қоры. Бұл дегеніміз жастар арасында кітап оқу мәдениеті, ауызша сөйлеу сауаттылығы, тілдің лексика-фразеологиялық бейнелі сөздері, этномаркерлі лексикалық қорды білу және қолдану деңгейінің төмендігін көрсетеді. Осыған байланысты қазақ тілінің ғылыми және пәндік курсының мазмұнын орфоэпия, фразеология, лингвомәдениеттану, стилистика, тіл мен сөз мәдениеті бойынша жаңа білімдер жүйесімен байытылса деген ниет бар.

Жаргон сөздер– белгілі бір әлеуметтік немесе қызығушылығы ортақ топтардың басқаларға түсініксіз, құпия мағынада қолданылатын сөздер тобы. Жастар арасында көп қолданылатын жаргон сөздер тізімі:

1. «Өзіне көп алады» – артық кетті, шектен шығу;
2. «Типа» – сол сияқты, тәрізді, секілді;
3. «Ботан» – сабақты өте жақсы оқиды;
4. «Орнына қойып тастадым» – орынсыз екенін әлелдедім;
5. «Грамотно айтып тастады» – өте орынды пікір білдірді;
6. «Забей» – ұмыт, қоя сал;
7. «Мықты шарит» – ойлау қабілеті жылдам;
8. «Мамка-батя курстама?» – ата-анаңбілеме?
9. «Сушняк» – сусын;
10. «Қрыша» – қорған болатын адам;
11. Мынау не деген безобразие?
12. Температурам (давлением) түспей тұр.

13. Вообще өзін бір қызық адамсың ғой.

14. Сразу солай айтпайсың ба?

15. Просто отырмыз сол; және т.б.

Мұндай сөздердің көп таралуына себепші болып отырған нәрсе – балаларын орыс тілді мектептеріне беретін ата-аналардың көбеюі. Елде орыс мектептері, өзге тілді мектептер аз деп айта алмаймыз. Елімізде жыл сайын тіл мәселесі, оны жақсарту, қолданыс аясын кеңейту, өзге ұлт өкілдері мен өз ана тілін білмейтіндерді қазақ тілін оқуға тарту бойынша шаралар жүргізіліп жатыр. Мәселен, 2018 жылғы мәлімет бойынша елімізде жалпы білім беретін 7393 мектеп бар, оның 3797-сі қазақ, 1312-сі орыс, 2255-і қазақ-орыс, 12-сі өзбек, 11-і ұйғыр, 1-еуі тәжік тілдерінде білім береді. Бұл мектептерде 2018–2019 оқу жылында барлығы 3050770 оқушы білім алса, оның 2000000-нан астамы қазақша, 900000-ға жуығы орысша, қалғаны өзге тілдерде оқиды, яғни барлық оқушылар санының 66 %-і қазақ тілінде білім алады [2].

Техникалық және кәсіптік білім беру саласында 2018–2019 оқу жылы қазақ тілінде білім алушылар саны 1991 жылмен салыстырғанда, 67 %-ке артып, 289589 студентті құрады. Егер 1998–1999 оқу жылы жоғары оқу орындарында студенттердің жалпы санының 26,8 %-і қазақ тілінде білім алса, 2018–2019 жылдары 83,0 %-і қазақша білім алып отыр. Ағылшын тілінде оқытатын бөлімдері бар ЖОО саны да артып келеді. Ағылшын тілінде білім алушылар саны 24,7 мың студентті құрады. Бұл 2009 жылғы көрсеткіштен 2,5 есе артық. Ал 2020-2025 жылдары халықтың 90%-ы қазақ тілінде таза сөйлейді [3] деген ақпаратқа сенуге әлі ерте деп ойлаймыз.

Біз бұл мәселені зерттеуде ғаламтор желілері арқылы сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға 120 адам қатысты (барлығы жасөспірімдер). Сауалнамадағы сұрақтар:

1. Сізге қазақ тілінде сөйлеген қолайлы ма, әлде орыс тілінде ме?

Қазақ тілінде сөйлеген ыңғайлы – 47%

Орыс тілінде сөйлеген ыңғайлы – 35%

Екі тілде де еркін сөйлеймін – 18%

2. Жаргон сөздерін қаншалықты қолданасыз?

Мүлдем қолданбаймын – 9%

Кейде – 70%

Жиі қолданамын – 21%

3. Сізді тіл тазалығы мәселесі алаңдата ма?

Иә, алаңдатады – 40%

Жоқ, алаңдатпайды – 12%

Бұл туралы ойланып көрмеппін – 48%

Алынған сауалнама нәтижелері көңіл көншітпейді, себебі қазіргі жас буын ұлт болашағын ойламайды, көбісінде патриоттық сезім жоқ. Сол үшін әрбір қазақстандық бала мектепте қазақ тілінде білім алуы керек деп санаймын. Өйткені басқа тілде білім беретін мектеп жас буынға ұлттық құндылықтарды, ұлттық тәрбиені жеткілікті бере алмайды. Мысалы, жапон халқы балаға 12 жасқа дейін тек ана тілінде білім береді. Сол арқылы олар балаларды ұлттық мәдениетін сыйлап, тарихына құрмет көрсетуге үйретеді. Бізге де қаншама даналар сөйлеген, ғұламалар өсиет қалдырған, жауһар жырларына әлемді тәнті еткен Абайдай атамыз сөйлеген қазақ тілінде мақтана сөйлемеске?! Неге қанша маңдай термен, ащы жаспен, қасық қаны қалғанша күресіп тәуелсіздік, бейбіт өмірді сыйлаған ата-бабамыздың тілін шұбарламай сөйлемеске?! Бұл жұмысымызға ХХ ғасырдағы қазақ рухани мәдениетіндегі көшбасшылардың бірі болған ұлт жанашыры Ахмет Байтұрсыновтың сөзі өзек бола алады: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» [4].

**Қорытынды.** «Өнер алды – қызыл тіл» деп халқымыз айтқандай, сөйлей білу де үлкен өнер. Таза ұлттық тілімізде мәдениетті, нақышты, жүйелі сөйленген сөз тындаушысын ешқашан жалықтырмайды. Қазіргі мәдениетті, жан-жақты білімді жастарымыздың ақыл-ой

көрінісі – әр сөзді өз орнына жұмсап, мағыналы сөйлей білуі – заман талабы. Сондықтан да сөйлеу мәдениетіне қай кезде де ерекше мән берілген, қай халық болса да қатты қастерлеген. Тіл тазалығы үшін күрес – тіл мәдениеті үшін күрес. Әрбір адам тіл тазалығын сақтауға, тіл мәдениетін игеруге, әдепті, келісті, мәдениетті сөйлеуге үйренуі керек. «Тіл – ақылдың өлшемі» деп халқымыз бекер айтпаған. Қазақ тілі – бай тіл, оралымды, ырғақты, теңеу-бейнелеулері ғажайыпкөрсем тіл. Поэзияда Абай, Мағжан, Ілияс секілді алыптар, прозада Мұхтар, Сәбит, Оралхан сияқты дарабоздар туғызған тіл.

Ана тілінді қадірлеу – мемлекетіңді, ұлтыңды, өзіңді қадірлеу. Қазақстан егемендігін баянды етіп, оны әлемдегі озық елдердің қатарына қосу үшін мемлекеттік тілдің жетекші рөл атқаратындығын әсте естен шығармайық. Ол үшін ана тілімізді шұбарламай, атадан балаға мирас боп келе жатқан асыл мәдени құндылық ретінде кейінгілерге жеткізейік.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Алаштың тілдік мұрасы (мақалалар жинағы) Құрастырғандар: С.Шүкірұлы, Ж.Тұрлыбекова. Алматы: Палитра Пресс, 2013. – 328.
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045>
3. Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <http://tengrinews.kz/vibori/178150/>
4. Байтұрсынұлы А. Тіл ғылымы. Алматы: Ана тілі. 1992. – 448.